

**№ 22 ХАТТАМА**  
**баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен**  
**№22 хабарландыру бойынша сатып алу қорытындылары туралы**

Павлодар қ.

2024ж. «31» мамыр

1. Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Павлодар облыстық кардиологиялық орталығы" ШЖҚ КМК мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушысы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен медициналық бұйымдарды сатып алды:

| № | Атауы  | Өлшем бірлігі | саны | бағасы | сомасы         |
|---|--|---------------|------|--------|----------------|
| 1 | Жылдыту матрасы. Ересектерге арналған жылдыту матрасы, 24" x 60 " (61 см x 152 см) қосылатын шлангпен бірге келеді. Науқасты жылдыту немесе салқындану үшін қолданылады. Қайта пайдалануға болатын 9" қосқыш шланг. Берік уретаннан жасалған. Тесуге және басқа зақымдарға төзімді. Тігістердің жоғары беріктігі. Беті кеуекті емес, қан мен басқа ластаушы заттардан оңай тағартылады. Судың біркелкі таралуы. Матрастың бүкіл бетінде жылдам және тиімді айналым | дана          | 3    | 417500 | 1252500        |
|   | <b>барлығы</b>   |               |      |        | <b>1252500</b> |

Бөлінген сома 1 252 500 (бір миллион екі жүз елу екі мың бес жүз) теңге.

2. Осы әдісті қолдану негіздемесі-тегін медициналық қомектің кепілдік берілген көлемі шенберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, фармацевтикалық қызметтер жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және мамандандырылған емдік өнімдерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларына сәйкес (бұдан әрі-Қағидалар)

3. Келесі жеткізушілер өздерінің баға ұсыныстарын ұсынды:

| р/с № | Атауы             | Күні         | Уақыты |
|-------|-------------------|--------------|--------|
| 1,    | "Медекс Плюс" ЖШС | 30.05.2024ж. | 12-17  |

4. Ұсынылған баға кестелерін қарau қорытындысы бойынша әлеуетті өнім беруші хаттамаға №1 қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын белгіледі.

5. Конверттерді ашу рәсімі ZOOM форматында өтті, жеткізушілердің өкілдері қатысқан жоқ;

6. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши осы сатып алу нәтижелері бойынша **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1) Қағидалардың 78-тармағының негізінде баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға баға ұсынысы мен құжаттары осы Қағидалардың 80-тармағына сәйкес ұсынылған бір әлеуетті өнім берушінің қатысуына байланысты Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 404/67 мекенжайында орналасқан "Медекс Плюс" ЖШС №1 лот бойынша жеңімпаз деп танылсын, жалпы сомасы 1 065 000 (бір миллион алпыс бес мың) теңгеге 00 тиын.

7. Жеңімпаз Тапсырыс берушігে 10 күнтізбелік күн ішінде біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынсын:

1) Фармацевтикалық қызметке және (немесе) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға тиісті лицензияның, медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Заңға сәйкес алынған (жіберілген) электрондық құжат түріндегі көшірмелері; туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың акпараттық жүйелерінде расталады. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес мемлекеттік органдардың акпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші фармацевтикалық қызметке және (немесе) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға

тиісті лицензияның, медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның нотариат күэландырған көшірмесін ұсынады.;

2) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың көшірмесі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін);

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (кайта тіркеу) туралы анықтама, жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін);

4) заңды тұлға жарғысының көшірмесі (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысуышылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмессе, онда акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме немесе құрылтайшылардың, қатысуышылардың құрамы туралы үзінді көшірме немесе сатып алу жарияланған күннен кейін құрылтай шартының көшірмесі ұсынылады);

5) "Электрондық үкімет" веб-порталы немесе "салық төлеуші кабинеті" веб-қосымшасы арқылы алынған, мемлекеттік кіріс органдарында есепке алу жүргізілетін берешектің жок (бар) екендігі туралы мәліметтер;

6) осы әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтындығы туралы Қазақстан Республикасы салық органының анықтамасының түпнұсқасы (егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмесе).

Директор

Г. Джакова



| p/c<br>№ | Медициналық бұйымның атауы  | Өлшем<br>бірлігі | Саны | Бағасы     | Сомасы    | "Медекс Плюс" ЖШС |           |
|----------|---|------------------|------|------------|-----------|-------------------|-----------|
|          |   |                  |      |            |           | бағасы            | сомасы    |
| 1        | Жылыту матрасы. Ересектерге арналған жылыту матрасы, 24" x 60 " (61 см x 152 см) қосылатын шлангпен бірге келеді. Науқасты жылыту немесе салқындау үшін колданылады. Қайта пайдалануға болатын 9"қоскыш шланг. Берік уретаннан жасалған. Тесуге және басқа зақымдарға төзімді. Тігістердің жоғары беріктігі. Беті кеуекті емес, қан мен басқа ластаушы заттардан оцай тазартылады. Судың біркелкі таралуы. Матрастың бүкіл бетінде жылдам және тиімді айналым | дана             | 3    | 417 500,00 | 1 252 500 | 355 000           | 1 065 000 |
|          | Барлығы:  |                  |      |            | 1 252 500 |                   | 1 065 000 |